

Бұйрыққа

« 12 » 01 2026 жыл

№ 22-Н/5 қосымша

**Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
жөніндегі Нұсқаулық**

1-тарау. Қолдану саласы және негізгі ұғымдар

1. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі – «Балалар үйі») қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 31.03.2023 жылғы №112 Бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Бұл құжат Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің барлық құрылымдық бөлімшелері мен сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қызмет ерекшеліктерін ескере отырып танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық субъектілері – мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын тұлғалар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген адамдар, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлері, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар.

Мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын тұлғалар – көрсетілген ұйымдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлғалар.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар – мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын тұлғалар, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген тұлғалар немесе мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаржыландырылатын жобаларды таңдауға және іске асыруға жауапты, осы ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын тұлғалар.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең аз қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеуші ретінде қарастырылмауы тиіс.

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шараларды қолдану құпталады.

4. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Параға коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету; коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны, бағалы қағаздарды, басқа да мүлікті заңсыз алуы, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді пайдалануы.

Пара – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның, сондай-ақ шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болып табылатын адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы.

Заңсыз сыйақы алу – мемлекеттік органның немесе мемлекеттік ұйымның мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлға болып табылмайтын немесе оған теңестірілген адамның, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымның басқару функцияларын орындамайтын қызметкерінің жұмысты орындағаны немесе оның міндеттерінің шеңберіне кіретін қызметті көрсеткені

үшін мүлiктiк сипаттағы материалдық сыйақыны, жеңiлдіктерді немесе көрсетiлетiн қызметтерді заңсыз алуы.

Пара талап ету – пара берушiнiң немесе ол өкiлдік ететiн адамдардың заңды мүдделерiне зиян келтiруi мүмкiн әрекеттерді жасаймын деп қорқытумен пара талап ету немесе оны зиянды зардаптардың алдын алу мақсатында пара беруге мәжбүр ететiн осындай жағдайларды қасақана жасау.

2-тарау. Жалпы ережелер

5. Қазақстан Республикасында пара алу және беру жөнiндегi iс-әрекеттер заңға қайшы болып табылады, олар үшін жауапкершiлiк Қылмыстық кодексте және Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген.

Сыбайлас жемқорлық субъектiсiнiң жақын туыстары мен жекжаттарына оның келiсiмiмен мүлiктiк (мүлiктiк емес) игiлiктер мен артықшылықтар берiлген не ол бұған қарсы болмаса және өзiнiң қызметтiк өкiлеттiктерiн пара берушiнiң пайдасына пайдаланған жағдайда, оның әрекетi сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгiлерi ретiнде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың, коммерциялық пара алудың және заңсыз сыйақы алудың нысанасы ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлiкпен қатар өтеусiз, бiрақ төлеуге жататын мүлiктiк пайда болуы мүмкiн (туристiк жолдамалар беру, пәтерді жөндеу, саяжай салу және т.б.).

Мүлiктiк сипаттағы артықшылықтарға, атап айтқанда, берiлетiн мүлiктiң, жекешелендiрiлген объектiлердiң құнын төмендету, жалдау төлемдерiн азайту, банктiк несиелерді пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемелерді төмендету жатады.

6. Пара алу және пара беру – бiр қылмыстың екi құрамдас бөлiгi: пара алатын адам (пара алушы) және оны беретiн адам (пара берушi).

7. Пара алу – бұл ең өрескел лауазымдық қылмыстардың бiрi. Әсiресе адамдар тобы жасаған кезде немесе бопсалау арқылы жүзеге асырылса, ол лауазымды тұлғаның заңды немесе заңсыз әрекеттерi (әрекетсiздiгi) үшін артықшылықтар мен пайда алуынан көрiнедi.

8. Пара беру – лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерге (әрекетсiздiкке) итермелеуге, не берушiнiң пайдасына қандай да бiр артықшылықтар беруге, алуға, оның iшiнде жалпы қамқорлық көрсетуге немесе қызмет көрсету барысында келiсiмге келуге бағытталған қылмыс.

- Пара болуы мүмкiн: заттар, ақша: валюта, банктiк чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автокөлiктер, тамақ өнiмдерi, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелерi және басқа да жылжымайтын мүлiк;

- пайда: емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторий және туристiк жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа шығындарды ақысыз немесе төмен бағамен төлеу;

• параның жасырын түрлері: банктік несиеге немесе жоқ қарызды өтеу түрінде рәсімдеу, тауарларды төмен бағамен сату немесе жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға немесе оның туыстары мен достарына жалған еңбек шарттарын жасасып жалақы төлеу, жеңілдікпен несие алу, лекциялар, мақалалар, кітаптар үшін төлемақыны асыра көрсету, казинода «кездейсоқ» ұтыс алу, қарызды кешіру, берілген қарыз бойынша талап ету құқығын беру, жалдау ақысын азайту, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені арттыру және т.б.

10. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-де мүдделер қақтығысын реттеу саясатын, жеке және заңды тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында берілген өтініштер туралы жұмыс берушінің өкілін хабардар етуді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды.

Айта кету керек, кейбір сөздер, қимылдар және ым-ишаралар басқаларға пара беру туралы меңзеу (өтініш) ретінде қабылдануы мүмкін (бопсалау).

Мұндай тіркестерге жатады, мысалы:

- «Мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;
- «Құрғақ қасық ауыз жыртар»;
- «Келісеміз»;
- «Неғұрлым нақты дәлелдер қажет»;
- «Талқылау керек»;
- «Ал, енді не істейміз?»;
- «Кездесіп, сөйлесуге болады»;
- «Қазір бос емеспін. Жұмыстан кейін кездесейік» және т.б.

Ұйым өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе олардың мүдделері сыбайлас жемқорлық субъектілерінің шешімдері мен әрекеттеріне байланысты болса, белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы меңзеу ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға жатады, мысалы:

• жалақының төмен деңгейі және белгілі бір қажеттіліктерді жүзеге асыруға

ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі;

• белгілі бір мүлікті сатып алуға, белгілі бір қызметті алуға, туристік сапарға шығуға деген ұмтылыс;

• сыбайлас жемқорлық субъектісінің туыстарында жұмыстың болмауы;

• лауазымды тұлғаның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі;

• Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің, сыбайлас жемқорлық субъектісінің, оның туыстарының және т.б. мемлекеттік, кәсіби мерекелерді, туған күндер мен атаулы даталарды атап өту, өткізу.

Сыбайлас жемқорлық субъектісінен шығатын белгілі бір ұсыныстар, әсіресе олардың пайдасы шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты ұйым өкілдері мен азаматтарға бағытталса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай ұсыныстар ізгі ниеттен туындаса да және лауазымды тұлғаның жеке мүдделеріне ешқандай қатысы болмаса да ықтимал.

Мұндай сөйлемдерге жатады, мысалы:

- сыбайлас жемқорлық субъектісіне және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру.
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- белгілі бір қайырымдылық қорына ақша аудару;
- белгілі бір спорт командасын, қоғамдық бірлестікті, діни ұйымды және т.б. қолдау.

11. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған жағдайларды, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара беруді болдырмау мақсатында, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметтік үй-жайларды бейнебақылаумен қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық субъектілерінің құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ цифрландыру мен автоматтандыруды енгізу жөнінде шараларды қабылдайды.

12. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен көбірек байланысты лауазымдарды немесе жүктелген функцияларды анықтау қажет.

Мұндай лауазымдар мен функцияларға (бірақ олармен шектелмейді) мыналар жатады:

- бақылау-қадағалау функциялары;
- сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- рұқсат беру, келісу функциялары;
- ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар (қызмет бабымен бағынышты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптікжазаларды қолдануға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құқық);

өкімшілік-шаруашылық функциялар (ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құқық).

Уәкілетті тұлғаның немесе жұмыс берушінің жекелеген актілерімен ұйым қызметкеріне ұйымдастырушылық-өкімдік, өкімшілік-шаруашылық функциялар жүктелуі мүмкін екенін ескеру қажет.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезіндегі қажетті шаралар

13. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы хабарлама немесе қосалқы мәтіні бар ұсыныс түскен жағдайда, бұл туралы тікелей және (немесе) бірінші басшыға және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жазбаша нысанда, оның ішінде «1424» Call-орталығына немесе «Е-

өтініш» арқылы (ЭЦҚ қажет) қолда бар материалдарды (скриншоттар, жазбалар, аудио, бейнежазбалар және т.б.) қоса отырып дереу хабарлау қажет.

14. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлаудың нысандарының бірі – анонимді өтініш. Алайда бұл жағдайда өтініш беруші анонимділікке байланысты жауап пен материалдық сыйақы алуға үміттене алмайды. Бұдан басқа, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда, қылмыс туралы анонимді өтініштің өзі қылмыстық іс қозғауға негіз бола алмайды.

15. Параны бопсалау, заңсыз сыйақы, коммерциялық пара алу жағдайында – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға «1424» Call-орталығына немесе «Е-өтініш» (ЭЦҚ қажет) арқылы жүгіну, сондай-ақ бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ басшылығына хабарлау қажет.

16. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ басшылығына сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер (әрекетсіздік) мәселелері бойынша жүгінген жағдайда, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ басшылығы ҚР заңнамасында көзделген өзге де шаралар арқылы, оның ішінде қорқытудан, ұжымдағы моббингтен қорғау арқылы оның құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-де «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда және ҚР заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру (орындау) қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің бірінші басшысы жеке жауапты болады.

18. Егер сыбайлас жемқорлық субъектісі немесе оның жақын туыстары мен жекжаттары Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-не сыйлықтарды, сондай-ақ тиісті қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды білмей қабылдап алған жағдайда, мұндай сыйлықтар сыйды алған күннен бастап немесе сыбайлас жемқорлық субъектісіне сыйлық берілгені не қызмет көрсетілгені белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беруге жатады. Сол мән-жайлар бойынша сыбайлас жемқорлық субъектісі көрсетілген қызмет үшін қызмет көрсетілген күннен бастап немесе мемлекеттік қызметшіге қызмет көрсетілгені туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы төлем жасауы тиіс.

4-тарау. Қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін басшылардың жауапкершілігі

19. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында, қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, заңсыз сыйақы алған, коммерциялық пара алған және өздерінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген жағдайда, басшылардың дербес жауапкершілігін қарау көзделеді.

20. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау, заңсыз сыйақы алу, коммерциялық пара беру және өзінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері бойынша қылмыстық қудалауға тартылған жағдайда, бұл қызметкер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот ісін жүргізу кезеңінде қызметкер өзінің лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетіледі. Ізделіп отырған қызметкердің тікелей басшысы оны өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шараларды қолдануға міндетті.

21. Тәртіптік жауапкершілік мыналарды қамтиды:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын бұзу.

Басшы өзінің қарамағындағы қызметкеріне қатысты соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі немесе оның 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтар негізінде заңсыз сыйақы алу, коммерциялық пара алу және Қылмыстық-процестік кодекстің 35-бабының бірінші бөлігі немесе 36-бабы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған жағдайларда, жұмыстан босату туралы өтініш беруге міндетті.

Жұмыстан босату туралы өтініш басшыны қызметке тағайындауға және жұмыстан шығаруға құқығы бар тұлғаға беріледі. Жұмыстан шығару не тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау (басшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдаған шараларын ескере отырып) оны осы лауазымға тағайындаған тұлғаның құқығы болып табылады.

Басшының қызметінен кету мерзімі – 10 күнтізбелік күн.

22. Басшылар мен олардың тікелей бағыныштылары Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ ұйымдық құрылымына және штат кестесіне сәйкес айқындалады.

23. Тікелей бағынышты қызметкер сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасаған жағдайда, басшы осы лауазымға тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң жеке жауапты болатынын ескеру қажет.

Бұл ретте, жоғарыда аталған жауапкершілік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 24-бабына сәйкес, тікелей бағынышты қызметкерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындау фактісі немесе мүмкіндігі туралы жеке жазбаша хабарлаған басшыларға қолданылмайды.

24. Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкері өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, заңсыз сыйақы, коммерциялық пара беру және

өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған жағдайда, сондай-ақ осы мекеме қызметкері сыбайлас жемқорлыққа, коммерциялық парақорлыққа және басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдескен жағдайда, ол мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Бұл ереже сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген және заңға сәйкес жауапкершілікке тартылатын адамдарға қолданылмайды.

25. Кәсіпорын қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындауға кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық парақорлыққа және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдемдесетін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

26. Осы Нұсқаулық Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ басшысымен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (кадр қызметі) Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ барлық қызметкерлерін осы Нұсқаулықпен таныстыруды қамтамасыз етеді.

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-на жұмысқа орналасу кезінде, қызметке қабылданатын тұлға жұмысқа қабылданған күннен бастап бір күн ішінде осы Нұсқаулықпен танысуы тиіс.

28. Осы Нұсқаулық Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.